

великие братья: один по духу скорее созерцатель, другой, Кюль-тегин, – созидатель. На плечах Кюль-тегина держалась власть и основа государства, непререкаемый авторитет Кюль-тегина сплачивал вокруг него единомышленников, цементировал народы в нерушимый монолит. Поэтому уход Кюль-тегина чреват, прежде всего, тем, что может спровоцировать гибель, распад государства. Эта мысль не дает покоя кагану, она так важна и значительна для него, что и в бездне скорби он не в силах забыть о ней. В состоянии глубокого смятения духа предчувствует он беду, перемены к худшему:

И думал я, скорбя: «Родня и сыновья,
Разноплеменной мой народ, теперь, когда
Ушел мой Кюль-тегин, то все, кто покорен,
Восстанут...» – и опять всем сердцем я скорбел.

Идея консолидации тюркских народов, сохранения земель, защиты их от посягательств чуждых народов проникает и в структуру плача-жоктау. Как глава государства, незаурядный политический деятель, Бильге-каган и в минуты величайшей скорби не мог не думать о самом главном и насущном в его жизни – о настоящем и будущем своего народа и страны. Предчувствия не обманули Бильге-кагана: он не надолго пережил своего брата, через два года он был отравлен врагами. И воссозданная им, его братом Кюль-тегином и советником Тоньюкуком государственность – «триумф триумvirата!» – была уничтожена.

Литература

1. Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992.
2. Жумаганбетов Т. С. Проблемы формирования и развития древнетюркской системы государственности и права. VI–XII вв.: Монография. – Алматы, 2003. – 432 с.
3. Большая надпись в честь Кюль-тегина. Пер. А. Преловского // Звезда Востока. – 1991. – № 6. – с. 108–118.

XXI ғасырдағы қылмыстық құқық саясатының өзекті мәселелері: адам саудасымен күрестің алдын алу

Мәлікова А. Ш.

Аңдатпа

Ғылыми мақалада, қылмыстық құқық саясатының өзекті мәселесі ретінде адам саудасының криминологиялық аспектілері және бұл қылмыстың алдын алу жолдары қарастырылған.

Аннотация

В научной статье, как актуальная тема уголовно-правовой политики, рассмотрены криминологические аспекты торговли людьми и ее предупреждение.

Abstract

The scholarship paper highlights the spotlight issue of criminal-legal policy, considers criminological aspects of human trafficking and its prevention.

2002 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы елдің 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық жүйесі дамуының негізгі бағыттарын айқындайды. Тұжырымдаманың маңыздылығы да сонда, ол бір жағынан құқықтық құжат болса,

екіншіден, саяси құжат. Сондықтан ол ұлттық заңнаманың негізгі салалары – конституциялық, әкімшілік, азаматтық, банктік, салықтық, қаржылық, кедендік, экологиялық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық-атқарушылық заңдарын жетілдіруге қызмет етеді.

Демек, осы тұжырымдама негізінде барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер бірігіп, алда тұрған міндетті айқындап, жүйелі түрде жұмыс атқаруы тиіс. Заң саласына қылмыстық құқықты одан әрі дамыту бұрынғыдай қылмыстық саясаттың векторлығын ескере отырып жүргізілуі тиіс.

Қылмыстық саясат мемлекеттің құқықтық саясатының маңызды буыны болып табылады, оны жетілдіру қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық-атқару құқығын, сондай-ақ құқық қолдануды кешенді, өзара тиімді түзету жолымен жүзеге асырылады.

Адамның бостандығы қазіргі өркениетті қоғамның басты құндылықтарының бірі болып табылады, ал тұлғаның бостандығына қол сұғылмауын қамтамасыз ету – мемлекеттің басты функцияларының және қылмыстық саясаттың бірі. Адам саудасы – адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны пайдалану не азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, сондай-ақ пайдалану мақсатында өзге де әрекеттер жасау. Пайдалану кемінде жезөкшелікті пайдалану немесе басқа жыныстық пайдалану түрлерін, еріксіз еңбек немесе қызметті, құлдық немесе құлдықпен ұқсас әдет-ғұрыпты, бағынышты жай-күй немесе адам органдарын алуды құрайды.

Адам саудасы трансұлттық ұйымдасқан қылмыс үшін ең тез дамып келе жатқан және өте табысты әрекеттің бірі болып тұр. Статистикалық деректер адам саудасының әлемнің көптеген басқа да мемлекеттерінде өсу беталысының дәлелі деп отыр.

БҰҰ бүгінгі таңда әлемде шамамен 27 миллион адам құлдықта және бұл құлдардың саны тек өсуде екендігі айтылатын статистикалық деректер беруде. БҰҰ зерттеулеріне сәйкес, ең қиын жағдай Непал, Судан, Біріккен Араб Әмірліктері, Үнді, Гаити, Мьянма секілді мемлекеттерде екендігін куәландырады. АҚШ-тың Мемдепартаментінің бағалауы бойынша бүкіл әлемде жыл сайын олардың еркінен тыс шамамен 4 миллион адам сатылуда, сатып алынуда, ұсталуда және тасымалдануда. Халықаралық сарапшылар жыл сайынғы әлемдік құл сатудан кіріс 9,5 миллиард долларға жетуде екендігін анықтауда. Мұндай сауда құрбандарының көпшілігін әйелдер мен балалар құрайды.

Қолданыстағы халықаралық-құқықтық құжаттар осыған ұқсас іс-әрекеттерге тыйым салуды және әр мемлекетте ол үшін жауапкершілікті орнатуды ұсынады.

Тұлғаның бостандығы мен қол сұқпау принципі халықаралық қоғамдастықтың негізін құрайтын нормативтік актілерде бекітілген. Мәселен, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсанында жарияланған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 3-бабы «әрбір адам өмір сүруге, бостандыққа және жеке басына қол сұғылмауына құқылы» деп бекітті. Римде 1950 жылы 4 қарашада Еуропа Кеңесіне қатысушы мемлекеттер қабылдаған Адам құқықтарын қорғау мен негізгі бостандықтары туралы конвенцияның 5-бабында «Әркімнің бостандыққа және жеке қол сұғылмауға құқығы бар. Заңмен бекітілген жағдай мен тәртіптен басқа ешкім бостандығынан айырылуы мүмкін емес» деп жазылған. Нью-Йоркте 1966 жылы 19 желтоқсанда қабылданған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде «әрбір адамның бостандыққа және жеке басының өміріне қол сұғылмауына құқығы бар. Ешкім де еріксіз қамауда немесе тұтқында ұсталуға тиіс емес. Әркім өз бостандығынан тек қана заң негізінде және сол заңда белгіленген рәсімге сәйкес айырылуы мүмкін» (9-бап).

2000 жылдың желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясының 55-ші сессиясында Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясы және оны толықтыратын адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттамасы қабылданды. Бұл құжаттар халықаралық деңгейде мемлекеттердің адам саудасына қарсы іс-әрекет бойынша міндеттемесін анықтады. Іс-әрекет платформасында БҰҰ

Бас Ассамблеясының Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінің 23-ші арнайы сессиясының (2005 жылғы наурыз) қорытынды құжаты ретінде бүгінгі таңда бар стратегиялар, басым бағыттар мен адам, және ең алдымен әйелдер мен балалар саудасы саласын тиімді әлеуметтік бақылауды құрудағы келелі мәселелері белгіленген және бұл жауыздыққа қарсы жүйелі әрекет ету стратегиясы анықталған.

Өкінішке орай, Қазақстан Республикасы өзінің географиялық және экономикалық жағдайына байланысты адам саудасы құрбандары шыққан, тағайындалған және транзит елі болып табылады.

Қазақстан азаматтары – құрбандар үшін негізгі тағайындалған жер – ТМД елдері, сондай-ақ Түркия, Біріккен Араб Әмірліктері және Қытай Халық Республикасы болып табылады.

Сондықтан мемлекет осындай қылмыстың алдын алу мен жою мақсатында ұлттық заңнаманы жетілдіру шараларын қабылдады және қабылдауда.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде адамдар трафигі мен оған ілеспелі қылмыстарға қылмыстық жауапкершілікті көздейтін 113-бап «Адамның органдары мен тінін алуға мәжбүр ету немесе заңсыз алу», 125-бап 3-бөлімінің «б» тармағы «Ұрланған адамды пайдалану мақсатында жасалса», 128-бап «Адамды саудаға салу», 133-бап «Кәмелетке толмағандарды саудаға салу», 270-бап «Жезөкшелікпен айналысуға тарту», 271-бап «Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе ұстау және жеңгетайлық» анықталған.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2009 жылы адам саудасына қарсы әрекет саласындағы әлеуметтік-маңызды жобаларды жүзеге асыру үшін 17 миллион теңге бөлді.

Шет елдерде адам саудасы мәні болған немесе басқа қылмыс түрлерінен жәбірленген азаматтар үшін мемлекет республиканың дипломатиялық өкілдігіне жүгінген жағдайында оларға отанға оралуы үшін қаржы бөлуде. Адам саудасы құрбандарына консультациялық көмек көрсету, сондай-ақ оларды заңдық, медициналық және психологиялық көмек алу үшін қайта жолдау мақсатында республика аумағында елдің барлық аймағында тегін қызмет ететін «8 8000 8000 15», ұялы телефон үшін «11616» ыстық желілер бар. Жәбірленушілерді әлеуметтік бейімдеу өзекті де келелі мәселе болып қалуда, бүгінгі таңда біздің елде адам саудасы құрбандары үшін 3 Оңалту орталығы (пана) белсенді қызмет етуде. Бұл мекемелер қажетті көмек көрсетумен (құқықтық, медициналық, психологиялық), сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз етумен айналысады.

Адам саудасымен байланысты қылмыстардың алдын алу мен жолын кесу мақсатында бірінші кезекте адам саудасымен күресті насихаттауға, сондай-ақ адам саудасы сияқты адамгершіліксіз көріністің жасалуына жол бермеу мақсатында халықты ақпараттық түсіндіруге көңіл бөлу қажет.

Адам трафигі – адамдарды оларды бұдан әрі пайдалану мақсатында бір жерден екінші жерге және Қазақстанның мемлекеттік шекарасы арқылы тасымалдау, ауыстыру.

«Адамдар контрабандасы» халықаралық адам саудасының құрамдас бөлігі және заңсыз көші-қонмен тікелей байланысты, яғни адам саудасының (азғырып-көндіру, тасу, пайдалану) үш кезеңінің бірі болып табылатындығын ескере отырып, «адам саудасы» және «адам трафигі» анықтамалары тепе-тең мағынамен қолданылады.

Қылмыстылыққа қарсы күрестің тиімділігін көтерудің маңызды факторы қоғамның санасында адам саудасы сияқты қылмысқа сабырсыздықты құру жолымен ақпараттық және идеологиялық насихаттау болып табылады.

Адам саудасымен күрестің негізгі мақсаты қоғам құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, трафик құрбандарының қорғалу құқығының бұзылуының алдын алу мен жол бермеу, сондай-ақ олардың қоғаммен бірігуі болып табылады. «Алдын алу» термині күні бұрын қабылданған шаралармен қандай да бірдеңенің алдын алуды, алдынан шығуды, алдын ала қандай да

жағдайдың болуынан бірдеңе жасауды білдіретін «насихаттау» ұғымына ұқсас мағынаға ие. Адам саудасының алдын алуды екі тұрғыда қарау керек. Біріншіден, осы санаттағы қылмыстардың алдын алу және онымен күрестің тиімділігін көтеру. Екіншіден, бұл ұйымдасқан қылмыс пен қылмыстық топтың пайда болуының алдын алуға, сондай-ақ қылмысты жасаудың және оның салдарының алдын алуға бағытталған әлеуметтік, экономикалық және заңдық шаралардың кешенді жүйесі. Адам саудасымен байланысты қылмыстардың алдын алуға әсер ететін ерекшелікке мыналарды жатқызуға болады: алдын ала әрекет ету тәсілі деп аталатын жасалған қылмысқа әрекет ету барысында жүргізілетін қылмыспен күрес.

Мемлекеттік органдардың қызметкерлері жаңа туған сәбилер мен жас балаларды қосқанда, адам саудасының алдын алу мақсатында мектепке дейінгі мекемелерде (балалар үйі, балалар интернат-үйі), медициналық мекемелерде (перзентханалар) алдын алу іс-шараларын жүргізуі керек. Оқушы жастармен кездесулер өткізу керек, себебі адамдар саудагері таяу және алыс шет елдерде білім алу, жұмысқа орналасу мәселелерінде жасөспірімдер мен жас адамдардың хабардарсыздығын, аңқаулығын және сенгіштігін өте жиі пайдаланады.

Қазіргі таңда ҚР ІІМ-нің бөлімшелері мүдделі мемлекеттік органдармен әрекеттесе отырып, адамдар трафигін болдырмауға бағытталған алдын алу шаралар кешенін өткізуде. Адам саудасымен байланысты қылмыстармен күрестегі ішкі істер органдары қызметінің нәтижелері туралы қоғамды хабардар ету мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен сөз сөйлеулер ұйымдастырылуы қажет. Бұдан басқа, қауіпсіз тәлім әдетін қалыптастыру үшін оқытушылар мен әлеуметтік тәрбиелеушілер «Адам саудасын болдырмау» және «Жұмысқа орналасуда кәсіптік бейімділік» тақырыптарында интерактивті сабақтарды әзірлеп, мектептердің жоғары сынып, орта арнайы және жоғары оқу орындарының оқушыларымен жүргізуі қажет.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдарының қызметкерлерімен адам саудасының қауіп-қатері туралы ақпарат таратылуы керек. Адам саудасымен күресті насихаттауда маңызды рөлді үкіметтік емес ұйымдардың қызметі өзіне алды. ҮЕҰ-мен тығыз әрекеттестік осы жауыздық көрініспен күресте үлкен нәтиже береді.

Жалпы криминологиялық аспектіде адам саудасы факторларына жол бермеуге бағытталған келесі іс-шараларды қосқанда алдын алу шаралары кешенін қамтуы керек:

- шет елде жұмысқа орналасу мәселесі бойынша күдікті фирмаларға ойланбай жүгінудің қауіптілігі туралы үндеулер мен жаднамалар тарату;
- әлеуметтік жарнама роликтерін әзірлеп, телевизияда, радиода, интернет-торларында орналастыру;
- ақпараттық компаниялар-акциялар өткізу;
- дөңгелек үстелдер өткізу;
- лекциялар, семинарлар мен тренингтер өткізу;
- баспасөз конференциялары мен брифингтер өткізу;
- «Ашық есік күндерін» өткізу;
- осы мәселе бойынша консультациялар мен жарыссөз түрінде радио- және телебағдарламалар өткізу;
- сенім желілерінің қызметін қамтамасыз ету;
- ақпараттық агенттіктерін қоса, баспа және электронды бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру;
- халықпен жиналыс үшін ақпараттық-насихаттау топтарын құру;
- жедел-алдын алу іс-шаралары мен рейдтер жүргізу.

Осы және жалпы алдын алу іс-шараларын өткізу адам құқықтарының қорғалуын жақсарту мен қылмыстың қаралып жатқан түрінің жасалу мүмкіндігін азайтуға көмектеседі. Еңбек үшін пайдалану құрбандарын алдын алудағы маңызды бағыт Қазақстан аумағындағы шетел азаматтары арасында жұмыс жасау болып табылады.